

DOI 10.52260/2304-7216.2024.2(55).39
 ЭОЖ: 364.2
 FTAMP: 06.56.21

М.А. Муканова*, PhD докторанты¹
 А.А. Мухамеджанова, PhD, доцент м.а.¹
 Г.Ж. Каримбаева, э.ғ.к., доцент²
 Н.Е. Абдильдинова, PhD, доцент³
 «Esil University» Мекемесі, Астана қ., Қазақстан¹
 Қазақ технология және бизнес университеті,
 Астана қ., Қазақстан²
 Astana International University, Астана қ., Қазақстан³
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: mukanova456@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ

Әр түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы әлеуметтік кәсіпкерлік дегеніміз - бұл қоғамдағы бар қандай да бір әлеуметтік мәселелерді шешетін немесе жеңілдеті алатын, сонымен қатар өзін-өзі қамтамасыз ете алатын инновациялық қызмет болып табылады. Экономикалық әдебиеттерге контент-талдау жүргізі отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікті түсінудің екі негізгі тәсілін ажыратуға болатындығы анықталды: 1) әлеуметтік кәсіпкерлік классикалық ресурстарды жаңа тәсілдермен біріктіру арқылы құндылық құру процесі ретінде; 2) әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік игілік алу, әлеуметтік өзгерістерді ынталандыру және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында ресурстарды біріктіру процесі ретінде айқындалды. Әлеуметтік кәсіпкерлік – Қазақстан экономикасында жақында ғана пайда болған сектор. Осы сала ерекше қолдауды қажет етіп тұр. Өйткені бұл жерде бірінші орында пайда табудан бұрын әлеуметтік саланы дамыту, түрлі әлеуметтік топты жұмыспен қамту мәселесі тұрады.

Мақалада тұжырымдамалар жүйесі (міндет, нәтиже, маңыздылық, принциптер) арқылы әлеуметтік кәсіпкерліктің мәнін толық ашатын теориялық негіз құрылды. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі сипаттамалары мен белгілері анықталды, олар оны бизнестің классикалық түрінен ерекшелендіреді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті айқындау, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары мен критерийлерінің тізбесі ұсынылды, оларға сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік қызметі бағытталатын әлеуметтік кәсіпкерлікті бақылау және қолдау шаралары ұсынылды.

Кілт сөздер: әлеуметтік кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау, әлеуметтік әсер, ынталандыру, тұжырым-дама, кәсіпкерлік, мемлекеттік бағдарлама.

Ключевые слова: социальное предпринимательство, государственная поддержка, социальное воздействие, концепция, стимулирование, предпринимательство, государственная программа.

Keywords: social entrepreneurship, government support, social impact, stimulation, concept, entrepreneurship, government program.

Кіріспе. Жаһандық экономикалық жүйедегі жағымсыз үрдістер, бүкіләлемдік COVID-19 пандемиясының салдары, жергілікті саяси және әскери қақтығыстар халықтың осал топтарына тікелей теріс әсер етуде. Медицина, білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және т.б. салаларда бірқатар әлеуметтік проблемалар қалыптасуда.

Зерттеудің өзектілігі – қазіргі әлеуметтік-экономикалық жүйеде жоғарыда келтірілген әлеуметтік мәселелерді шешуге, жалпы ішкі өнімнің, сондай ақ ұлттық экономиканың өсуіне, халықтың өмір сүру деңгейіне оң әсер етуге арналған механизмді қажет етеді. Бұл механизм - әлеуметтік кәсіпкерлік болып табылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік дегеніміз – кез-келген әлеуметтік мәселені шешу немесе кәсіпорын иелері үшін пайданы көбейтудің орнына қоғамға пайда келтіру мақсатында тауарлар шығару немесе қызметтер көрсету. Әлеуметтік кәсіпкерліктің түрлері, форматтары, тауарлары, қызметтері өте алуан түрлі болуы мүмкін – әлеуметтік кәсіпорындар үлкен және кіші, халықаралық және жергілікті болуы мүмкін, бірақ олардың барлығы бизнес әдістерін қолдану арқылы жоғары әлеуметтік қосымша құн құруға деген ұмтылыспен біріктірілген. Әлеуметтік кәсіпкерлікке анықтама беру оңай емес, өйткені Еуропада да, әлемде де әлеуметтік кәсіпкерліктің нақты шекаралары туралы бірыңғай анықтама немесе жалпы түсінік жоқ, бірақ соған қарамастан екі негізгі критерий 1) кәсіпкерлік 2) әлеуметтік мақсат болды және болып қала береді.

Берілген зерттеу жұмыстың негізгі мақсаты – әлеуметтік кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасындағы даму үрдісін және негізгі мәселелерін зерделеу.

Мақалада қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: әлеуметтік кәсіпкерліктің негізін айқындау; шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасау; Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы мәселелерді анықтау мен қолдау шараларын ұсыну болып табылады.

Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы талдау, логикалық жалпылау, жіктеу, топтастыру және синтез талдау әдістері қолданылып, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына қатысты шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу жасалды.

Әдебиеттік шолу. Әлеуметтік кәсіпкерлікті жүзеге асырудың теориялық негіздері мен практикалық тетіктерін зерттеуде шетелдік және отандық авторлардың көптеген ғылыми еңбектері арналған, олардың ішінде Айтбай И. әлеуметтік кәсіпкерлікті «...жаңа кәсіпорындар құру немесе қолданыстағы ұйымдарды инновациялық түрде басқару арқылы қоғамның әл-ауқатын арттыру мүмкіндіктерін анықтайтын және пайдаланатын қызмет пен процестер» ретінде сипаттайды [1]. Ал Альжанова Н.Ш., Саурбаева А.Т., Нургалиева Р.М. – «...әлеуметтік кәсіпкердің, кәсіпкерлік процестің және әлеуметтік ұйымның өзара байланысты элементтерін біріктіретін көп өлшемді және динамикалық модель» деп айқындады [2]. Ершова З.И. зерттеуінде әлеуметтік кәсіпкерлік бұл – «...белгілі бір әлеуметтік мақсаттармен және пайда табумен (коммерциялық ұйымдарда) немесе пайда алмаумен (коммерциялық емес ұйымдарда) инновациялық қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік» [3]. Жохова В.В. пайымдауынша, әлеуметтік кәсіпкерлік дегеніміз – «...кәсіпкерлік ойлаудың жаңа парадигмасы болып табылатын негіз ретінде берілген әлеуметтік миссиясы бар кәсіпкерлік қызмет түрі» [4].

Сондай-ақ, мемлекеттік деңгейде әлеуметтік кәсіпкерліктің қызметін реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық актілер бар: әлеуметтік Кодекс [5], Кәсіпкерлік кодекс [6], кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң [7], әлеуметтік кәсіпкерлік туралы Заң. Алайда, осы заңнамалық актілердегі кейбір преференциялар әлі де іс жүзінде жұмыс істемейді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті елімізде енгізу арқылы біз бір жағынан әлеуметтік мәселені, екінші жағынан коммерциялық мәселелерді шеше аламыз. Сондықтан осы саладағы зерттеулерді жалғастыру – бұл механизмді іске қосу үшін заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу, оған қажетті инфрақұрылымды құруға жәрдемдеседі.

Негізгі бөлім. Қазіргі кезеңде әлеуметтік кәсіпкерліктің өсіп келе жатқан маңызы жаһандану құбылысының таралуына байланысты. Ал оған біз келесідей қиындықтарды жатқыза аламыз: байлықты бөлудегі теңсіздік; корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің өсуі; әртүрлі елдердегі экономикалық, әлеуметтік және азық-түлік дағдарыстарының өзара әсері; халықтың белгілі бір әлеуметтік топтарындағы кедейліктің өсуі және т. б. Осылайша, әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні келесі негізгі мәселелерді шешуде жатыр:

- қоршаған ортаға және экологияға ең аз зиян келтіретін өндіріс технологияларын қолдану;
- халықтың белгілі бір әлеуметтік топтарындағы адамдар үшін кедейлік шегін еңсеруге көмек көрсету және қолдау көрсету;
- жұмыссыздықты жою;
- қоғамның өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыратын кәсіпкерліктің жаңа үлгілерін жетілдіру және құру [8].

1-кесте

Әлеуметтік кәсіпкерлікті анықтау категориялары*

Санаттар	Әлеуметтік кәсіпкерлікті анықтайтын түсініктер
Процесс	Жасау, құру, қолдау, іздеу, бейімдеу, бағалау, жұмылдыру, жинақтау.
Сипаттама	Қабілет, міндеттеме, мотивация, құндылықтар, құмарлық, сенім, тәуекел, мүмкіндіктерді тану
Тәсілдері	Жаңа, жаңашылдық, шығармашылық көзқарас, ресурстарды жаңа әдіспен пайдалану.
Әсері	Нәтиже әкелу, түрлендіру, жақсартулар енгізу (әлеуметтік құндылық).

* [4] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Әлеуметтік кәсіпкерліктің жалпы анықтамасы осы мақаланың басында келтірілді. Алайда, бұл тәсіл толық емес, ал жинақталған теориялық негіз жоғарыда қарастырылды. Ұсынылған тәсілдерді талдай отырып, әлеуметтік кәсіпкерлік процесс, модель, инновациялық қызмет ретінде қарастырылады. Әлеуметтік кәсіпкерлікті түсінудің екі негізгі тәсілін ажыратуға болады деп санаймыз:

1. әлеуметтік кәсіпкерлік классикалық ресурстарды жаңа тәсілдермен біріктіру арқылы құндылық құру процесі ретінде;
 2. әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік игілік алу, әлеуметтік өзгерістерді ынталандыру және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында ресурстарды біріктіру процесі ретінде;
- Осылайша, әлеуметтік кәсіпкерліктің теориялық және практикалық мәні 1-суретте сипатталады.



1-сурет. Әлеуметтік кәсіпкерліктің теориялық және практикалық мәні*

* [4] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамда трендке айналуға және бұл оң үрдістердің бірі. Қоғам қайраткерлері ғана емес, кәсіпкерлер де бүгін ақша табу жеткіліксіз деген ойға келеді – қоғамда туындаған мәселелерді бірлесіп шешу керек. Бұл ретте, әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысу – үлкен жауапкершілік. Қазір әлеуметтік кәсіпкерлер тізілімі және өлшемдердің бірі – міндеттерді шешудегі жүйелілік қалыптасуда. Яғни, мүмкіндігі шектеулі адамды жұмысқа алу ғана емес, жоба аясында біреуге көмектесу ғана емес. Бұл қандай да бір әлеуметтік мәселені шешуге арналған тұрақты жұмыс.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің міндеті – әлеуметтік мәселелерді шешуге үлес қосу. Тәуелді жағдайлардың төмендеуі жанама әсер етеді. Бірақ содан кейін жобада тек жұмысқа орналасу ғана емес, кеңірек тәсіл болуы керек: стереотиптермен, қондырғылармен, жоба бенефициарларының өмірлік мақсаттарымен жұмыс. Осал топтардың адамдарына келетін болсақ, бұл жұмыс өзін-өзі бағалауды арттырады, өз қабілеттеріне деген сенімділік, мотивация пайда болады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік кәсіпкерлердің 30% қызметі әлеуметтік осал топтарды жұмыспен қамту, әйелдермен жұмыс жасау, қоғамдағы бар әлеуметтік мәселелерді шешумен, ал 57% – әр түрлі салада қызмет ету, 13% – өндіріс пен сауда саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің мысалдары:

1. Salem Social Village, Шымкент қ. – Білім беру, әлеуметтік және қайырымдылық қызметі, қоғамдық ұйымдардың қызметіне практикалық көмек және қолдау, волонтерлік қызмет;
2. «Комьюнитиплюс» мәдени, әлеуметтік және білім беруді дамыту қоғамдық қоры, Алматы қ. – Қазақстандағы әлеуметтік, мәдени және білім беру жобаларын дамыту және қолдау, қосымша білім беру;
3. «Аялаған Алақан» қоғамдық қайырымдылық қоры, Батыс Қазақстан Облысы-халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына, жетім балаларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға кәсіптік бағдар беру, оқыту курстарын өткізу, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек көрсету;
4. «Ерекше өмір» қоғамдық қоры, Көкшетау қ. – мүгедек балаларды қолдаудың ақпараттық-үйлестіру ресурстық орталығы;
5. «Жамбыл облысының коммерциялық емес ұйымдарының Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, Тараз қаласы-сындарлы Азаматтық бастамаларды қолдау және ұйымдық даму мен Консалтинг арқылы ҮЕҰ әлеуетін күшейту арқылы демократияны дамыту;

6. «Ski Park Pioneer» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қ. – халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары үшін демалыс және ойын-сауық ұйымдастыру жөніндегі қызмет;

7. Қарабеков Ағабек атындағы қоғамдық қор, Астана қ. – қайырымдылық, инклюзивті білім беру;

8. «ARQYN BOLASHAQ» жастар қоғамдық бірлестігі, Атырау облысы-экологиялық, әлеуметтік, мәдени, спорттық еріктілік және т.б.

Қазақстанның әлеуметтік кәсіпкерлер Қауымдастығының деректері бойынша республикада ӘЖ-мен айналысатын 600-ге жуық компания бар. Әлеуметтік кәсіпкерлер негізінен Қазақстанның ірі қалалары: Алматы, Астана, Шымкент, Ақтөбе, Атырау, Өскемен және Павлодарда орналасқан [9]. Қазіргі таңда Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікке анализ жасай отырып, бұл саланы дамытудағы болашағын айқындау қажет. Қазіргі уақытта Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен ынталандырудың бірқатар шаралары мен нысандары бар. Бұл бағдарлама келесі бағыттар бойынша қаржыландыруды көздеді:

- микрокредиттер мен гранттар беру (71,5 млрд. теңге сомасына);

- бейіндік бизнес-оқыту (сомасы 32,6 млрд. теңге);

- жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және қоныс аударуға субсидиялар (71,9 млрд.теңге).

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижелері бойынша бірқатар оң нәтижелер атап өтіледі, олардың ішінде:

- жеңілдетілген микрозаймдар сомасы көтерілді (22 млн. теңгеге дейін);

- шағын несиелерді 769 көпбалалы отбасы мен аз қамтылған отбасылар алды;

- мемлекеттік гранттарды аз қамтылған және көп балалы отбасылардан 9000 адам алды;

- мүмкіндіктері шектеулі 10 000 адам жұмысқа орналастырылды (оның ішінде: тұрақты жұмыс орындарына 3 115 адам, уақытша жұмыс орындарына 6 877 адам) [9].

Бұдан бөлек, мемлекеттік қолдау мынадай жеңілдіктер береді:


- Мемлекеттік мүлікті жеңілдікті шарттармен сатып алусыз жалға беру;

- Акселерациялық орталықтарды дамыту;

- Өңіраралық қарым-қатынасты дамытуға жағдай жасау.

Сондай-ақ, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыудың оң мысалы ретінде 2023 жылғы қарашадағы Астанада өткен «Орталық Азиядағы әлеуметтік кәсіпкерлердің алғашқы құрылтайын» келтіруге болады, оған Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Орталық Азияның бес мемлекеті – Қазақстан, Түркменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанның жетекші әлеуметтік кәсіпкерлері, сондай-ақ, Eurasian Resources Group өкілдері қатысты. Құрылтай барысында «Әлемде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту».

Қарастырылған мемлекеттік бағдарламадан басқа, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандырудың мынадай шаралары 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру шаралары*

* [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Алайда, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында қызметін жүзеге асыратын Қазақстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаралған динамикасы теріс үрдісті көрсететінін ескере отырып, шешуді талап ететін мынадай проблемалық аспектілерді бөліп көрсетуге болады:

- нормативтік-құқықтық актілерде «әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымына түсіндірме жоқ;
- нормативтік құқықтық актілерде осы немесе басқа шаруашылық жүргізуші субъектіні әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісіне жатқызуға болатын өлшемдер жоқ;
- нормативтік-құқықтық актілерде әлеуметтік кәсіпкерлік қызметі бағытталған адамдардың санаттары мен қызмет салаларына айқындау жоқ;
- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін мониторингілеу және есепке алу жөніндегі жетілмеген жүйе;
- әлеуметтік кәсіпкерлікті маркетингтік қолдау мен ақпараттық қамтудың болмауы [10].

Ұсынылған бағыттар өзекті проблемалар кешенін шешуге ғана емес, сонымен қатар Республиканың әлеуметтік-экономикалық жүйесі үшін оң әсер ететін Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуын ынталандыруға көмектеседі деп санаймыз.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік енді ғана дамып келеді және ерекше қолдауды қажет етеді, себебі оның басты мақсаты – тек қана пайда табу емес, сонымен қатар әлеуметтік саланы дамыту және түрлі әлеуметтік топтарды жұмыспен қамту болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерліктің теориялық негізін, оның классикалық кәсіпкерліктен ерекшелігін сипаттамаларын талдау барысында Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің жіктелуі мен оларды анықтау критерийлері ұсынылған. Авторлар Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің одан әрі дамуы әлеуметтік мәселелерді шешуге және елдің экономикалық дамуына оң әсер ететіні туралы қорытынды жасайды.

Мақалада Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің жағдайы мен даму перспективалары айқындалып, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің өзекті мәселелерінің тізбесін белгілей отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бірқатар бағыттар ұсынылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтбай И. Возможности и перспективы развития социального предпринимательства в Казахстане [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.almau.edu.kz/images/uploads/files/bda82b1d10db74df3098e7606c5e76f8.pdf>.
2. Альжанова Н.Ш. К вопросу развития и поддержки социального предпринимательства Казахстана // Вестник КазНацЖенПУ. – 2019. – № 4. – С. 173-177.
3. Ершова З.И. Актуальные проблемы социального предпринимательства // Молодой ученый. – 2019. – № 46 (284). – С. 335-338.
4. Жохова В.В. Социальное предпринимательство: концепция, сущность и значение // Современная конкуренция. – 2015. – №4 (52). – С. 77-99.
5. Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі (113-бап «Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу») // <https://legalacts.gov.kz/npa/view?id=14202768>.
6. «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі (18.11.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38259854#sdoc_params=text.
7. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 24.06.2021 ж. №52-VII Заңы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33046086.
8. Окутаева С.Т., Байбашева Г.Т., Тансыкбаева Г.О. Развитие социального предпринимательства в Казахстане (на примере социальной мастерской Green Tal) // Вестник КазУЭФМТ. – 2023. – № 2(51). – С. 164-170. – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.2(51).21.
9. Национальная палата предпринимателей «Атамекен». Социальное предпринимательство: текущая ситуация и развитие отрасли [Электронный ресурс]. – URL: <https://atameken.kz/ru/news/48749-social-noe-predprinimatel-stvo-tekushaya-situaciya-i-razvitie-otrasli>.
10. Притворова Т.П. Социальное предпринимательство в Республике Казахстан: проблемы и перспективы развития // Креативная экономика. – №2 (13). – 2019. – С. 232-238.

REFERENCES

1. Ajtbaj I. Vozmozhnosti i perspektivy razvitija social'nogo predprinimatel'stva v Kazahstane [Opportunities and Prospects for the Development of Social Entrepreneurship in Kazakhstan] [Elektronny resurs]. – URL: <http://www.almau.edu.kz/images/uploads/files/bda82b1d10db74df3098e7606c5e76f8.pdf> [in Russian].
2. Al'zhanova N.Sh. K voprosu razvitija i podderzhki social'nogo predprinimatel'stva Kazahstana [On the Issue of Development and Support of Social Entrepreneurship in Kazakhstan] // Vestnik KazNacZhenPU. – 2019. – №4. – S. 173-177 [in Russian].
3. Ershova Z.I. Aktual'nye problemy social'nogo predprinimatel'stva [Actual Problems of Social Entrepreneurship] // Molodoj uchenyj. – 2019. – № 46 (284). – S. 335-338 [in Russian].
4. Zhohova V.V. Social'noe predprinimatel'stvo: koncepcija, sushhnost' i znachenie [Social entrepreneurship: concept, essence and significance] // Sovremennaja konkurencija. – 2015. – №4 (52). – S. 77-99 [in Russian].
5. Kazakstan Respublikasynyn aleumettik kodeksi (113-bap «Kasipkerlik bastamaga zhardemdesu») [Kazakhstan Respublikasynyn aleumettik codes (113-bap «Kasipkerlik bastamaga zardemdesu»)] // <https://legalacts.gov.kz/npa/view?id=14202768> [in Kazakh].
6. «Kazakstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi» № 375-V Kazakstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi (18.11.2022 zh. zhagday bojnsha ozgerister men tolyktyrularmen) [«Kazakhstan Respublikasynyn Kasipkerlik Codes» No. 375-V Kazakhstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi (11/18/2022 zhagday bojnsha ozgerister men tolyktyrularmen)] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39147530&pos=1;-8#pos=1;-8 [in Kazakh].
7. Kazakstan Respublikasynyn kejbir zannamalyk aktilerine kasipkerlik, aleumettik kasipkerlik zhane mindetti aleumettik medicinalyk saktandyru maseleleri bojnsha ozgerister men tolyktyrular engizu turaly. Kazakstan Respublikasynyn 24.06.2021 zh. №52-VII Zany [Kazakhstan Republic Ozgerister men tolyktyrular engizu turaly. Kazakhstan Republicsyn 06/24/2021 No. 52-VII Zany] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35749520#activate_doc=2 [in Kazakh].
8. Okutaeva S.T., Bajbasheva G.T., Tansykbaeva G.O. Razvitie social'nogo predprinimatel'stva v Kazahstane (na primere social'noj masterskoj Green Tal) [Development of social entrepreneurship in Kazakhstan (on the example of the social workshop Green Tal)] // Vestnik KazUEFMT. – 2023. – № 2(51). – S. 164-170. – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.2(51).21 [in Russian].
9. Nacional'naja palata predprinimatelej «Atameken». Social'noe predprinimatel'stvo: tekushhaja situacija i razvitie otrasli [National Chamber of Entrepreneurs «Atameken». Social entrepreneurship: current situation and development of the industry] [Elektronny resurs]. – URL: <https://atameken.kz/ru/news/48749-social-noe-predprinimatel-stvo-tekushaya-situaciya-i-razvitie-otrasli> [in Russian].
10. Pritvorova T.P. Social'noe predprinimatel'stvo v Respublike Kazahstan: problemy i perspektivy razvitija [Social entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan: problems and development prospects] // Kreativnaja jekonomika. – №2 (13). – 2019. – S. 232-238 [in Russian].

Муканова М.А., Мухамеджанова А.А., Каримбаева Г.Ж., Абдильдинова Н.Е.

РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Изучая различные источники, социальное предпринимательство - это инновационная деятельность, которая может решить или облегчить существующие социальные проблемы в обществе, а также обеспечить себя. Проводя контент-анализ экономической литературы, установлено, что можно выделить два основных подхода к пониманию социального предпринимательства: 1) социальное предпринимательство как процесс создания ценности путем объединения классических ресурсов по-новому; 2) социальное предпринимательство определялось как процесс объединения ресурсов с целью получения социального блага, стимулирования социальных изменений и удовлетворения социальных потребностей. Социальное предпринимательство-это сектор, который появился в экономике Казахстана совсем недавно. Эта отрасль нуждается в особой поддержке. Ведь на первом месте здесь стоит вопрос развития социальной сферы, занятости различных социальных групп, прежде чем получить прибыль.

В статье была заложена теоретическая основа, полностью раскрывающая сущность социального предпринимательства через систему понятий (задача, результат, значимость, принципы). Также по результатам исследования были выявлены основные характеристики и признаки социального предпринимательства, которые отличают его от классического вида бизнеса.

Предложено определение социального предпринимательства, перечень категорий и критериев субъектов социального предпринимательства, в соответствии с которыми предложены меры контроля и поддержки социального предпринимательства.

Mukanova M., Muhamedjanova A., Karimbayeva G., Abdildinova N.

DEVELOPMENT OF SOCIAL ENTREPRENEURSHIP IN KAZAKHSTAN

Annotation

According to a variety of sources, social entrepreneurship is a creative endeavor that can both support itself and provide creative solutions to current social issues in society. It has been determined through a content analysis of economic literature that there are two primary ways to conceptualize social entrepreneurship: 1) Social entrepreneurship can be defined as the process of generating value through innovative combinations of traditional resources; 2) Social entrepreneurship can be defined as the process of combining resources to fulfill social needs, promote social change, and achieve social benefits. The field of social entrepreneurship has just lately come into prominence in Kazakhstan's economy. Special assistance is needed in this field. In fact, rather than making money, the main goals here are the growth of society and the employment of diverse social groups.

The article uses a system of concepts (task, result, significance, principles) to establish a theoretical framework that thoroughly shows the core of social entrepreneurship. Furthermore, the primary attributes and traits of social entrepreneurship that set it apart from traditional business models were determined, drawing on the findings of the study.

Measures for monitoring and supporting social entrepreneurship were suggested in accordance with a list of types and criteria for social entrepreneurship entities, as well as a definition of social entrepreneurship.

